

15.07.2021 жыл. № Y00016

Менің мамандығым - музыка жетекшісі

САНАЕВА АСЕЛЬ МЕЛИСОВНА

*Жамбыл облысы. Қордай ауданы Еңбек ауылы
"ERNUR 550" бөбекжайы. Музыка жетекшісі*

Жәй ғана құлаққа естілгенде құрғақ, жансыз біртектес...

Бірақ тереңіне үңілсек осы екі сөзде керемет ғажап шындық жатыр.

«Музыка жетекшісі» керемет, сезімтал, мейірімді білмейтіндерге қол ұшын созушы, жаңалыққа жаны құмар жандар.

Музыка дегеніміз - сырлы да сиқырлы дыбыс. Біз ол музыканы сезінуге, түсінуге естуге үйретеміз. Әуен жүрегіңді баурап, жан тербетер ән, сазды музыка тыңдаған адамның жүрегі жай тауып, рахат сезімге, ерекше қуанышты жәй күйге бөленеді. Музыка көңілді көтереді, бойды сергітеді, жанға жайлы эмоция тудырады. Музыка адамға қанат бітіріп, бүкіл әлемді бағындырғандай күйге бөлейді.

Музыка жетекшісі жәй ғана мамандық емес-оны атақ абыроймен алып жүру керек. Мен жұмбақ және сиқырлы музыка әлемінің есігін айқара ашамын...

Менің атқарып отырған қызметімдегі мәртебе – ол балалардың көзіндегі музыка тіліне деген қызығушылықтары.

Мерекелік сценарийлерді құрушы, ойын-сауық бағдарламалардың жасалуына, олардың әзірлеуіне, көрнекі құралдарды, материалды уақтылы әзірлеуші – мамандық иесімін.

Баланың музыканы тыңдауы, қабылдауы, есте сақтауы . әнді жеке айту, қосылып айту, әннің сөзін дұрыс, анық айту , әні мен сөзі арасындағы байланысын, ән мен дене қимылының үйлесімділігін бере білу, қызығушылығын қалыптастыру-музыка жетекшісінің шеберлігіне, іскерлігіне, білімділігіне, осы мамандықты бар жан дүниесімен меңгере білуінде деп білемін.

Шығармашылық саланың ішінде музыкалық эстетикалық тәрбие дегеніміз-сұлулықты, көркемдікті сездіртіп, үйретіп қана қоймай, өз бойына сіңіре білуді әдет-дағдыларына айналдыру.

Мектепке дейінгі жастағы балалар әр нәрсеге бейім, ересектер не үйретсе соны қабылдап алады және көп нәрсе күтеді. Үлкендердің айтқанын тез қабылдайды. Олардың жандары сондай нәзік және өте сезімтал болып келеді. Менің өзім осы балалармен жұмыс жасағанда, музыка тілінің құдіреттілігін жаңаша көзқараспен және жүрекпен шынайы сезіне білдім.

Менің көзімнің жеткені балалар да бізге көп нәрсе үйрете алады. Мысалы: Бала сияқты сезіну, сую, түсіну ересектерде табиғатында жоқ нәрсе.

Балабақшаға келген балалар сондай нәзік, пәк, таза күйінде келеді. Балалардың үлкен өмірге деген іргетасын біз қалаймыз. Яғни, балалардың болашақта тәрбиелі, мәдениетті болып өсуіне біздің қосар үлесіміз зор. Баланың ішкі жан дүниесінің бай, ой-өрісінің дамуы, асыл қасиеттерін, қабілетін дамытушы біз - музыка жетекшісі.

Мені қуандыратын жағдай балалардың музыка залына ерекше құштарлықпен келуі. Оларды көргенде бойымды ерекше қуаныш сезімі кернейді. Кіп-кішкентай балалардың өздері мені көргенде көздерінде қуаныш лебі сезіліп тұрады. Балаларды ән тыңдатуға, ән айтқызуға, би қимылдарын үйретуге, музыкалық аспаптармен таныстыруға бар ынта жігеріммен дайындаламын. Музыка оқу қызметінде балалардың қиялы ұшқыр музыка әлемі мен ертегі әлемінің арасындағы ортақ қызығушылықтар байланыс табады. Өзімнің балабақшамда осы музыка арқылы балалардың өз Отанын сүйетін азаматтар болып өсуіне үлкен мән беремін. Күнделікті ұйымдастырылған оқу қызметі қызықты болып өту үшін, ұлттық аспаптар мен керекті құжаттарды пайдаланып отырамын Мысалы: балаларды рөлдерге бөліп, музыкалық шығармаларды сахналауға үйретемін.

Музыкалық сабақтар оқу және шығармашылық тапсырмаларды орындауға арналған. Балалар орындау дағыдаларын игере бастайды және өздерінің құпиясыз әуендерін шығара бастайды, ал түрлі билерді орындағанда түрлі би қимылдарын, музыкалық ойын кейіпкерлерінің өздерінше беруге талпынады. Баланың жеке басын жан-жақты дамыту эстетикалық тәрбиенің адамгершілік, ақыл-ой, дене тәрбиесімен өзара тығыз байланысу арқасында қамтамасыз етеді. Мерекелікті ұйымдастырғанда әрдайым балаларға қолайлы өзара түсінушілік, ерекше қиял ғажайып әлеміне саяхат жасатуға тырысамын.

Балалардың жеке басының қасиетін, қабілетін, талантын, шығармашылықпен ұштайтындай етіп ұйымдастырамын. Шығармашылық оқу қызметіне баулып, олардың белсенділіктерін, қызығушылықтарын арттыра түсу үшін әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдану міндетіміз. Біздің міндетіміз балаға оның бойында көрінбей тұрған мүмкіншілігін ашып көрсету.

Музыка тілін терең түсінген және меңгерген адам кеңпейіл, ақылды, сезімтал өзіне жақын адамдарды, айнала қоршаған ортаны сүйеді, түсінеді, сезінеді деп білемін.

Біз тәрбиелеп отырған бүлдіршідер болашақта ақылды, қабілетті, белсенді болып өсетініне сенім артамын!!!

Біз көңілді баламыз,

Өнер қуған дарамыз.

Әнге салып әдемі,

Бақшаны жырға қосамыз!

16.07.2021 жыл. № Y00018

**Бастауыш сыныпта сын тұрғысынан
ойлау технологиясын тиімді қолдану**

КОЛДАСБАЕВА САУЛЕ САЛЫКБАЕВНА

*Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы “Үстірт орта мектебі” КММ
Бастауыш сынып мұғалімі*

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына арналған Жолдауында: «Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда бізді ауқымды істер күтіп тұр.» деген болатын. Елдің елдігін сақтап, көркейтетін, өркендететін және болашақты айқындап беретін – білім мен тәрбие беру ісі.

Бүгінгі таңда білім беру жүйесінде көптеген жаңалықтар мен өзгерістер өмірге келуде. Заманауи қоғамның өркендеп өсуі білім жүйесінің сапасын жақсартуды, жаңа технологияларды тиімді қолдануды, жаңа формациядағы ұстаздар арқылы еліміздің білім жүйесін халықаралық стандарт деңгейіне жеткізуді мақсат етіп отыр.

Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында да білім беру жүйесінің сапасын арттыру үшін ең алдымен мұғалімнің кәсіби біліктілігін арттыру мәселесіне үлкен мән берген. Бұл бағдарламаның міндеті – қазақстандық мұғалімдерге педагогикалық тәжірибелерін жетілдіру мен бағалауға көмектесу. Бағдарлама барысында педагогиканың әртүрлі аспектілері талқыланады.

Әлемдік тәжірибеге негізделі жасалған бұл жоба оқушылардың өз дәлелін еркін жеткізе алатындай, сенімді, сыни пікір – көзқарастары жүйелі дамыған оқушы қалыптастыруды мақсат етеді. Сыни тұрғыдан ойлау – бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, бағалауға, талдауға, синтездеуге бағытталған пәндік шешім. Сыни тұрғыдан ойлау дағдылары: Бақылау. Талдау. Қорытындылау.

Өз тәжірибемде «Оқу мен жазуды сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясының әдіс – тәсілдерін ана тілі, қазақ тілі, дүниетану сабақтарында қолданамын. Тәжірибемде қолданған кейбір тәсілдерге тоқтала кетейін.

Қызығушылықты ояту кезеңінде бұрынғы білетіні мен жаңа білімді ұштастыруда «Топтау», «Ойлану», «Жұпта талқылау», «Болжау» әдістерін қолданамын. **Мағынаны ашу**– кезеңінде оқушылар жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Сондықтан оқушының өз бетімен жұмыс жасап, белсенділік көрсетуіне жағдай жасаймын. Бұл кезеңде көбіне INSERT әдісін қолданған қолайлы.

Ой толғау-кезеңінде оқушы не үйренгені саралап, оны қандай жағдайда қолдану керектігін ой елегінен өткізеді. Белсенді түрде өздігінен үйрену жолына қайта қарап, өзгерістер енгізеді. Сабақтың бұл кезеңінде «Еркін жазу әдісі», «Бес жолды өлең», «Венн көрсетуі» т.б осы сияқты стратегиялар әр сабақтың ерекшелігіне қарай лайықты қолданылады.

Белгілі бір мәтінді толық меңгерту, кейіпкерлер бейнесіне талдау жасап, өз ойын жүйелі жеткізе алуға үйрету, өзіндік ой қорыта білу, шығармашылықпен жұмыс істеу қабілетін жетілдіру, ой - өрісі мен дүниетанымын кеңейту, сөздік қорларын молайту, кейіпкерлер бойындағы жақсы қасиеттерді үлгі ету мақсат етіп алынды.

Оқушылар үй тапсырмасын «Шеңбер» әдісімен орындады.

"Шеңбер" әдісі бойынша, оқушылар сыртқы шеңбер, ішкі шеңбер болып орналасады. Ішкі шеңбер болып орналасқан оқушылар, сыртқы шеңберге орналасқан оқушыларға сұрақ қоя отырып, диалог жүргізеді немесе сыртқы шеңберде орналасқан оқушылар сұрақ береді.

Шеңбер жасап тұрған оқушылар сағат тілі бойынша жүре отырып, барлық оқушымен кездесіп өзара диалогтік қарым-қатынас орнатады.

Бұл тәсіл оқушыларды өзара білім алмасуына тиімді және үй тапсырмасын сұрауға, қайталауға арналған тақырыптарды сұрауға таптырмайтын тәсіл деп ойлаймын.

«INSERT» әдісімен мәтінді үш бөлікке бөліп, үш топқа бөліп берілді. Оқушылар өздері жаңа сабақты оқып, өздері талдап, түсіндіріп, қорғайды.

"Жауапқа сұрақ"әдісіне келетін болсам, "Сұраққа жауап" әдісінен «Жауапқа сұрақ» әдісі әлдеқайда тиімді. Өйткені сұраққа жауап бергеннен гөрі , жауапқа сұрақ тудыру күрделі ойлауды қажет етеді. Сабаққа негіз болатын сөзді жауап ретінде тақтаға жазып қоямын. Оқушылар берілген жауапқа бірнеше сұрақтар тудыру арқылы білімдерін дамытады.


16.07.2021 жыл. № Y00019


Қандай көлік түрлері бар?







ТУЛЕБАЕВА БИБИГУЛ НУРМУХАМБЕТОВНА

Ақтөбе қаласы № 42 орта мектебі КММ.

Бастауыш сынып мұғалімі

Педагогтің аты-жөні	Ақтөбе қаласы № 42 орта мектебі КММ бастауыш класс мұғалімі Тулбаева Бибигул Нурмухамбетовна			
Күні:				
Сынып:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:		
Сабақтың тақырыбы	Қандай көлік түрлері бар?			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	2.1.4.3 көлік түрлерін, олардың қажеттілігін ажырату 2.1.4.4 қоғамдық көліктегі өзін өзі ұстау ережелерін түсіндіру			
Сабақтың барысы.				
Сабақтың кезең уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Басы	<p>Психологиялық ахуал қалыптастыру.</p> <p>«Ғажайып жылулық шынжыры» жылулық шеңбері. Балалар бір-біріне жмиып күлу арқылы ,жылы күлкілерін сыйлайды. Педагог күлкінің маңызына тоқтайды.</p> <p>Жұмыс ережесін келісу</p> <ul style="list-style-type: none"> ➤ Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! ➤ Уақытты үнемдейміз! ➤ Нақты, дәл жауап береміз! <p>Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз!</p>	<p>Психологиялық ахуалға берілген тақпақтарды дауыстап айтып, тілді жаттықтыру және жаңа сабаққа назар аудару.</p>	 <p>ҚБ: От шашу арқылы бір-бірін бағалау.</p>	<p>Психологиялық ахуал.</p> <p>Алдыңғы білімді еске түсіру тапсырмалары.</p>

	<p>➤ Сабаққа белсене қатысып, жақсы бағааламыз! Алдыңғы білімді еске түсіру (ұжымда) «Жедел жауап» әдісі Алдыңғы білімді еске түсіру (ұжымда)</p>  <p>Балалар, суреттерге қараңдаршы. Нені байқадыңдар? Барлығын бір сөзбен қалай атауға болады? Оларам қандай түрлерге бөлуге болады?</p> <p>Көлік адамдар мен жүкті бір жерден екінші жерге тасымалдайды.</p>	<p>Оқушылар сұраққа жауап береді, жұмысты берілген түріне қарай орындайды.</p>		
<p>Ортасы</p>	<p>Ширату тапсырмасы.</p>  <p>Көлік түрлерін адамдар қандай мақсатқа қолданады? Ерте заманда адамдар бір жерден екінші жерге салт атпен, арбамен қатынаған. Түйеге мініп, көлік ретінде пайдаланған. Ат, өгіз жегіп соқамен жер жыртқан.</p> <p>Белсенді оқу тапсырмалары(топта, ұжымда) «Көршіңе әңгімелеп бер» Бұл әдіс оқушылар өз ойларын дауыстап айтып беру үшін пайдаланылады. Сұрақ қойыңыз, ойластыруға уақыт беріңіз, одан кейін оқушылардан өз ойларын көршілерімен бөлісуді сұраңыз, оқушыларға жаңа тақырыпты айтыңыз және осы тақырып бойынша өздері білетін барлық жағдайды көршісіне айтуын ұсыныңыз.</p>	<p>Берілген сұраққа жауап беріп, тапсырмаларды талапқа сай орындайды.</p> <p>Белсенді оқу тапсырмалары(ұжымда)</p> <p>Жұмыс дәптеріндегі жазылым тапсырмаларын орындау</p>	<p>Форма тивті бағалау.</p> <p>ҚБ: Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау.</p>	<p>Оқылым, жазылым тапсырмалары.</p>

	<p>  <ul style="list-style-type: none"> • Суретте бейнеленген көлік түрлерін ата. • Парталас досыңмен бірге тағы қандай көлік түрлері аталмағанын анықта. </p>  <p>  Ертедегі және бүгінгі күннің көлік түрлерінің өзгеру себебі неде деп ойлайсың? Бүгінгі күні ертедегі көлік түрлері тұрмыста қолданыла ма? Мысалдар келтіріңдер. </p> <p>Дескриптор: шығармашылығы оқу тапсырмалары арқылы дамиды. алған білімін сабақ барысында қолдана алады. ҚБ: Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау. Жұмыс дәптеріндегі жазылым тапсырмаларын орындау</p>			
Соңы	<p> Жаңа білім мен тәжірибені қолдану Топтық жұмыс. «Галлерияда ой шарлау» </p> <p>  Метро қай қаладан ашылды? Оның аялдамалары қандай аталады? Сен метроға отырып көрдің бе? Оны қандай көлік түріне жатқызуға болады? </p>  <p>  Метро көлігінің адамдарға қандай қажеттілігі бар? </p>	<p>Оқулықтағы қосымша тапсырмалар.</p>	<p>ҚБ: Бағдаршам көздері арқылы бір-бірін бағалау.</p>	<p>Топтық тапсырмалар.</p>

Кері байланыс	«Рефлексия» кері байланыс. 	Сабақтан алған әсерлерін стикерге жазып, суретін жібереді.	«Рефлексия»	Кері байланыс тақтайшасы.
---------------	---	--	-------------	---------------------------

16.07.2021 жыл. № Y00020

Есептер шығару

АЛИМОВА АЙНАГҮЛ

Ақтөбе қаласы № 42 орта мектебі КММ.

Бастауыш сынып мұғалімі

Бекітемін: Мектеп директоры:	
Пән: математика	Мектеп: № 42 КММ
Күні:	Мұғалімнің аты-жөні: Алимова А.Т
Сынып: 2	Қатысқандар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Есептер шығару
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар: екі таңбалы сандарды қосу және азайту үшін алгоритмдерді қолданады, саннан қосындыны азайтуға арналған есептерді шығарады. Көптеген оқушылар: екі таңбалы сандарды қосу және азайту алгоритмдерін қолданады, саннан қосындыны азайтуға арналған есептерді әр түрлі тәсілдермен шығарады. Кейбір оқушылар: саннан қосындыны азайтуға арналған есептердің мысалдарын келтіреді.
Тілдік мақсаттар	Пәнге тән лексика мен терминология: екі таңбалы сандарды қосу және азайту алгоритмдері, саннан қосындыны азайтуға арналған есептер <i>Талқылау.</i> Саннан қосындыны қалай азайтуға болады? Есепті бірнеше тәсілмен қалай шешуге болады? <i>Жазу.</i> Екі таңбалы сан, екі таңбалы сандарды бағанмен қосу және азайту, есептің шешуін жазу.

Құндылықтарды дарыту	шығармашылық және сын тұрығысынан ойлау, қарым-қатынас жасау қабілеті	
Пәнаралық байланыстар	Дене шынықтыру, дүниетану	
АКТ қолдану дағдылары	Интербелсенді тақта, карточкалар, суреттер	
Бастапқы білім	Өткенлі бекіту	
Сабақ барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері		
Сабақтың басы	<p>I. Ұйымдастыру кезеңі Психологиялық дайындық Математика керек әр күнге Математика қажет өмірде Математиканы оқимыз Көңілімізге тоқимыз</p> <p>II. Өткен сабаққа шолу. «Миға шабуыл» әдісі Карточкадағы тапсырмаларды орындау Автобус, пойыз, ұшақ, кеме болып 4 көлікпен саяхатқа шығамыз</p>	Ресурстар
	<p>Ынталандыру -Балалар олимпиада деген сөзді қалай түсінесіңдер? Олимпиада – математиканы оқып-үйренуге қызығушылығын арттырудың тиімді формаларының бірі. Математикалық олимпиада: -оқушылардың математикалық білімдерін кеңейтуге; -оларды қызықты есептер және оларды шешудің ерекше, күтпеген әдістерімен таныстыруға; -оқушылардың математикалық қабілеттерін анықтау және дамытуға; -оқытудың бұдан кейінгі барлық жылдарында спортқа қызығушылығын қолдауға мүмкіндік береді.</p>	

Сабақтың ортасы	<p>Жаңа сабақ Ұжымдық жұмыс №1 есеп Балалар қалада өтетін математикалық олимпиадаға автобуспен барды. Сызба бойынша есеп құрастырып, әртүрлі тәсілмен шығар. 50 жолаушы 18 ұл 17 қыз ? ересек адам 1-тәсіл: $50 - (18 + 17) = 15$ 2-тәсіл: $(50 - 18) - 17 = 15$ 3-тәсіл: $(50 - 17) - 18 = 15$ <u>Дескриптор</u> <u>Сызба бойынша есеп құрастырып, әртүрлі тәсілмен шығарады</u> Автобуска міндік Жүппен жұмыс «Кім жылдам?» №2 есеп Есептеудегі қатені тап. Дұрыстығын тексер $66 + 18 = 84$ $80 - 46 = 34$ $100 - 82 = 18$ $49\text{см} + 27\text{см} = 76\text{см}$ <u>Дескриптор</u> Жүппен жұмыс жасайды. Есептеудегі қатені табады. Дұрыстығын тексереді Поезға міндік Топпен жұмыс №3 есеп 1-топ: 51, 26, 18 2-топ: 8, 91, 27 3-топ: 95, 55, 77 4-топ: 35, 71, 28 <u>Дескриптор</u> <u>Топпен жұмыс жасайды. Берілген уақыт ішінде есепті жылдам шығарады</u></p>	<p>Шаттық шеңбері</p> <p>Оқулық</p> <p>Оқулық</p> <p>Оқулық</p> <p>Оқулық, парақша</p> <p>Оқулық, карточка</p>
------------------------	---	--

<p>Сабақтың соңы</p>	<p>Ойлан,тап №7 есеп. Ағалы-інілі-Нұржан, Әділ және Асқар бір мектептің әртүрлі сыныбында оқиды. Нұржанның жасы Асқардан үлкен емес, ал Әділдің Нұржаннан үлкен емес. Үлкен, ортаншы және кенже балалардың есімін ата. Ү-Асқар О-Нұржан К-Әділ Дескриптор Шығармашылық тапсырманы өз бетінше шешеді. Бағалау. Кубоктарды тарату. Ең жеңімпаз атанған топты марапаттау Үйге тапсырма: №6 есеп.Өрнектер құрастырып,олардың мәнін тап. Рефлексия: «Ойды аяқта» Бүгін мен білдім Бүгін мен үйрендім..... Менің қолымнан келді..... Маған қиындық тудырды.....</p>	<p>Оқулық</p>
<p>Саралау –оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?</p>	<p>Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?</p>	<p>Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы</p>

<p>(Ұ) Барынша қолдауды қажет ететін оқушылар: екі таңбалы сандарды қосып, азайтады</p> <p>(Т) Орташа қолдауды қажет ететін оқушылар: бірдей мысалдарды анықтап, есептеп, жұбымен сәйкестендіреді</p> <p>(Ж) Аз қолдауды қажет ететін оқушылар: Сызба бойынша есеп құрастырып, әртүрлі тәсілмен шығарады</p>	<p>«Қатені тап» ойыны. Қатені дұрыс тапқан оқушыға жұлдызша беру. Қатені жартылай дұрыс таба білген оқушыға төртбұрыш беру. Қатені таба алмаған оқушыға үшбұрыш беру.</p>	<p>Гигиеналық талаптар, партада дұрыс отыру, қаламмен жұмыс жасаудағы қауіпсіздік.</p>
---	---	--

№ Y00007 09.07.2021 жыл.

ЖАҢА БАҒДАРЛАМА – ЖАҢАШЫЛДЫҚҚА БАСТАМА!

НУРСЕЙТОВА ГАЛИНА ДЖУСИПБЕКОВНА

Түркістан облысы Кентау қаласы Шаға ауылдық округі

ЖШС «Түркістан-Бәйтерек» балабақша меңгерушісі.

**«Өз эрудициясын кеңейту, сабақта қолдану үшін үнемі жетілдіру,
заман талабына сай көштен қалмай өзгеріп отыру – мұғалімнің
басты қасиеті болуы тиіс» деп А.Б.Перкесе**

Жас ұрпақтың ұлттық дүниетанымын әлемдік мәдени құндылықтармен жетілдіріп отыруға, ұлттық құндылықтарды сақтай білуге, өркениетті дүниеде болып жатқан өзгерістерді ескере отырып, тарихи экономикалық ахуалын терең танытуға жете назар аударуымыз қажет. Қашанда ел тұтқасын жан-жақты білімді ұрпақ ұстаған шақта ғана өркениет алға қарай дамымақ.

Ол үшін қазіргі таңдағы жеке тұлға өзіндік дәлел нанымды жеткізе білетін, ынталы, сенімді, көңілді, белсенді, сыни пікір-көзқарастары жүйелі дамыған, сандық технологияларда құзырлылық танытатын бала ретінде қалыптасуын қамтиды. ХХІ ғасырдың қарқынды ілгерілеу ырғағына қатар ілесу үшін, өзара тығыз балалардың өз бетінше оқу дағдыларын дамыту аса маңызды болып табылады. Бастауыш сынып пәндеріне арналған оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары оқушылардан шынайы проблемаларды анықтап зерттей білуді талап ететіндіктен мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиеленушілердің танымдық процестерін дамытып, оқу, жазу, тәжірибе жасау дағдыларын қалыптастырып, сол талапқа сай болатындай етіп және мектепке қиындықсыз көшіп, тез бейімделіп кетуіне жағдай жасау қажет.

Сондықтан өз білімімді жетілдіру мақсатында Ақтау қаласында педагогикалық шеберлікті арттыру орталығында «Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің біліктілігін арттыру курсына жаңартылған білім беру мазмұнының» ерекшеліктерімен таныстым. Бағдарламаның түйінді идеялары болған : «4К» моделі, "Бала үні", "Ойын", "SMART" мақсат, "Бақылау", "Кері байланыс", "Танымдық оқиға", «Саралау» мен үшін құнды ақпарат болды.

Бұл бағдарлама балалардың қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін және жас ерекшеліктерін ескере отырып дамытумен бірге педагогтардың да кәсіби жетілуіне зор үлес қосатыны анық. Себебі бағдарлама мазмұнымен танысу барысында балалармен қатар әріптестеріммен бірге ұжымдасып жұмыс жасап, ұтымды кері байланыс беруді үйрендім.

Сонымен қатар болашақта осы бағдарлама аясында алған білімімді өзімнің тәжірибем барысында балаларды оқыту мен тәрбиелеу үшін жүргізілетін барлық жұмыстардың мақсатын "SMART" мақсат етіп, яғни нақты, өлшенімді, қолжетімді әрі уақытпен шектеулі етіп бала әрекетіне бағыттап, және балалардың жас ерекшелігін, жеке қажеттіліктерін, қызығушылықтарын ескере отырып, баланы дамытуға арналған әр жұмыста "Бақылау" әдісін пайдалана отырып, саралап оқытатын боламын.

Сонымен бірге бағдарламадағы түйінді идеялардың бірі және маған ерекше әсер қалдырғаны барлық ойын түрлерін жіктеп, "құрылымдалған ойын", "педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын», "еркін ойын" деп жүйеленгені және осы ойындар баланың қызығушылығын, бір-біріне деген достық қарым-қатынасын арттырып, сөздік қорларын көбейтіп, шығармашылық қабілеттерін шыңдап, сыни ойлау дағдыларын жетілдіретіне көзім жетті. Осы ойын түрлері өз тәжірибемде өте тиімді әрі қолайлы болды.

В. Сухомлинский: “Ойынсыз ақыл - ойдың қалыпты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес, ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспетті, ол арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірмен ұштасып, өзін қоршаған дүние туралы түсінік алады.

Ойын дегеніміз – ұшқын білімге құмарлық пен еліктеудің маздап жанар оты” деп пікір білдірген. Сондықтан ойын түрлерін мектепке дейінгі ұйымдарда жиі қолданылуы тиіс деп ойлаймын. Жаңартылған бағдарлама бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтерінде балалар еркін, өз ойларын ашық жеткізіп, тәжірибе жасау арқылы үйреніп, өз мүмкіндіктері мен қабілеттеріне қарай дамуына оң ықпал етіп оытрғанын байқаймын.

Сондықтан осы жаңартылған білім беру бағдарламасын құрастырушы және басшылық етіп отырған азамат пен азаматшаларға үлуен рахметімді айтамын. Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің біліктілігін арттыру жолында жасап отырған игі істеріңізге алғыс айта отырып, сәттілік тілеймін.

Енді бар жігерімді мен білімімді бере отырып, үлкен жауапкершілікпен осы жаңа бағдарламаның әдіс-тәсілдерін және түйінді тұстарын пайдалудың арқасында, еліміздің жас ұрпақтарын саналы да білімді, ақылды, тәрбиелі, заман талабына сай азамат пен азаматша болып өседі деген сеніммен өз эссемді аяқтаймын.

№ Y00008 09.07.2021 жыл.

МУЗЫКАНЫҢ БАЛА ТӘРБИЕСІНЕ ЫҚПАЛЫ

АХМЕТОВ БАТЫРБЕК ПОЛАТБЕКОВИЧ

*Түркістан облысы Кентау қаласы Шаға ауылдық округі
ЖШС «Түркістан-Бәйтерек» балабақшасы музыка жетекшісі*

Ең алдымен музыка арқылы балаларды тәрбиелеу дегеніміз не екенін айтпас бұрын, музыканың қандай ұғым екенін айтқанымыз жөн.

Сонымен бәрін мазалайтын сұрақтардың бірі, музыка деген не?

Адам өмірінде, қоғамда музыка қандай орын алады?

Әлемнің көркем мәдениетінің ерекше форма ретіндегі маңызы неде?

Оны қалай танимыз? Осыған музыкатану жауап береді.

Музыкатану – музыка өнерді ізденуі, оның әлеуметтік – тарихи шындыққа қатысуы, басқадай адамзат рухының мәдениеті саласына оның ішкі көзқарас заңдылықтары мен ерекшеліктері. Музыкалық өнерді, музыкалық мәдениетті, оның жүйесін, нақты болмысты, музыкалық шығармаларды, жанрларды, шығармашылығы, тарихы, стиль процесінің өзгеруін, музыкалық жанр эволюциясының өзгеруі, әлеумет мәдениеті, музыкалық шығармашылықтың ұлттық негізі деп сеземіз.

Музыкалық білім туралы зерттеуі көне заманнан дамып, қалыптасып келеді. Музыка табиғатын, оның қызметтерін осы білім арқылы байытып, толықтырып, музыкатанушылық білімі музыкалық – педагогикалық көзқарастарда көрінеді. Сондықтан, музыкатану мен музыкалық білім беру педагогикасы өзінің тарихи дамуында өз-өздерін толықтыру жолында болды.

Жаңа музыкалық – педагогикалық технологиялар жалпы музыкалық мәдениетінің дамуына себеп болды.

Музыкатану ғалымға, педагог — музыкантқа, музыка саласы оның ғылымилығына, ізденісіне, шығармашылық әлеуетіне әсер етеді.

Музыкатану зерттеулері музыкалық өнер, музыкалық мәдениет ізденісіне бағытталған, оның күрделі жүйелеріне, нақты құбылыстарына, мысалы музыкалық шығарма, музыкалық жанр, музыканттың шығармашылық өмірбаяны және жалпы құбылыстарына, мысалы тарихи процесінде болып жатқан түрлі стильдер, музыкалық жанрлардың эволюциясына, әлеумет мәденілігіне, музыкалық шығармалардың ұлттық контекстіне.

Қазіргі кезде даму сипаттамасында музыкатану ғылыми саласында қызығушылықпен кеңейіп, музыкалық өмірде, мәдениетте, шығармашылықта, орындаушылықта, музыка қабылдауында және олардың заңдылықтарын, әдістерін зерттеу барысында байқалады.

Енді тәрбие дегенімізге тоқтала кетсек, тәрбие - қоғамның негізгі қызметтерінің бірі, жеке адамды мақсатты, жүйелі қалыптастыру процесі, аға ұрпақтың тәжірибесін кейінгі буынға меңгертіп, олардың сана-сезімін, жағымды мінез-құлқын дамытушы.

Ересек буын қоғамды тарихи өмірде жинақталған тәжірибені, білімді жас буынға тәрбие процесі арқылы береді. Тәрбие материалдық игіліктерді өндіруге қабілетті, іскер адамдарды дайындауға бағытталуы қажет.

Басты өндіруші күш - жеке тұлға. Адам жүйелі түрде күрделі қатынастарға араласып, қоғамдағы қалыптасқан идеяны, саяси және моральдық көзқарастарды, сенімдерді қоғамдағы адамдардың өмір сүру тәртібін меңгереді. Тәрбие процесінде бала өзінің дамуына қажетті жағдайларды пайдалануға тиіс. Табиғи және әлеуметтік орта оның көзқарасын дамытады.

Ал музыкалық тәрбиенің ерекшелігі музыкалық тәрбие - тұлғаны қоғамның музыкалық мәдениетіне қатыстыру процесі.

Мақсаты - музыкалық тәжірибені (жасау, орындау, қабылдау, музыкалық шығарманы анализдеу) жас ұрпаққа жеткізу.

Музыкалық тәрбие дегеніміз индивидке мақсатты түрде педагогикалық әсер ету, ол тұлғаның жалпы үйлесімді дамуының ізгіліктік-эстетикалық сезімінің, идеалдарының, музыкалық талғамы мен талаптарының қалыптасуының бір құралы ретінде қаралады.

Музыкалық тәрбие мазмұны, формасы және әдістері қоғамда танылған әлеуметтік, философиялық, жалпы педагогикалық ұстанымдарға, музыкалық мәдениеттің қалыптасқан типіне, адамды қоршаған музыкалық әрекет түрлері мен «дыбыстық ортаға» байланысты.

Музыкалық тәрбие эстетикалық тәрбиенің ерекше саласы. Елеулі компоненті музыкалық қызметпен айналысуға қажет музыка тілін игеруге, музыкалық қабілеттерді дамытуға үйрететін музыкалық оқыту мен білім. Сәйкесінше, музыкалық тәрбие тек арнаулы мектепте болуы мүмкін.

Балаларды әдеттегі сабақта музыкаға қызықтыруға, оны тыңдауға және түсінуге болады. Негізі сабақта музыканы үш бағытта қарастырады:

- Жай ғана тыңдау;
- Тыныш отыруға арналған музыка;
- Тыныштыққа отырып жағымды ойларды шоғырландыруға музыканы пайдалану.

Әрқайсысына тоқтала кетсек, жай ғана тыңдау –бұған классикалық музыкалық шығармалар қолайлы келеді. Балаларға олардың тыныш, денені бос ұстаумен көзді жұмып отыруға болатынын түсіндірген жөн. Тыңдап болған соң балалардан түрлі-түсті бейнеде айтып беруін сұрауға болады.

Бұл қызық сараптама ғылымда дыбыстың түспен белгілі бір дәрежеде байланысы бар екенін дәлелдейді.

Музыка шығармашылыққа дем береді, сондықтан балалар сурет салумен, жабыстырумен, әдеби шығарма жазумен шұғылданған кезде тыңдап отырғаны дұрыс. Музыканың тамаша үлгілері адамның санасын оятуға, оның бойынан күтпеген талант пен қабілетті ашуға себепкер болады.

Ал музыкалық тәлім-тәрбие адамзат қауымының түрлі іс-әрекеттерінде, ойын-сауықта, еңбек ету әрекеттерінде берік орын алып отырды. Ол қоғамның мәдениетін, әлеуметтік тәжірибесін жеткізудің құралы болуымен қатар, сол қоғамның дамуына, музыкалық білімнің жинақталуына, адамдардың өмір әрекеттерінің түрленуіне байланысты әлеуметтік категория ретінде өзі де үнемі дамып, қалыптасу үстінде болды.

Музыка өнері жасөспірімдердің жеке тұлға ретінде дамып, қалыптасуында аса маңызды роль атқарады. Музыка адам саласына, жүйке жүйесіне ықпал ететін ерекше психофизиологиялық құбылыс болып табылатын дыбыстар арқылы бейнеленеді. Ал ол дыбыстар – түрлі биіктік пен күштіліктегі жай дыбыстар емес, адам сезімін бейнелеуші, реттеуші сұлулық заңына сәйкестенген әсерлі әуен өрнектері.

Әуен-саздың жеке тұлғаның дамып, қалыптасуындағы әсер-ықпалына адамдар өте ерте кезде-ақ назар аударған. Адамзат қоғамының дамуының ең алғашқы кезеңдерінің өзінде оны идеялық-психологиялық қару ретінде қолдана білген.

Музыка – қоғамдық сананың формасы ретінде адамдардың эмоционалдық сезіміне тікелей ықпал етуші эстетикалық тәрбие құралы.

Музыкалық шығармаларды аспаптарда ойнап үйрену, орындау жеке тұлғаның эстетикалық, эмоционалды-сезімдік, құндылықты сана-сезімін дамытып, қалыптастырады, әсемдікті қабылдап, сезінуге талпындырады. Ол эстетикалық тәрбиенің басты мақсаты болып табылатын жеке тұлғаның эстетикалық талғамын, эстетикалық идеалын қалыптастырады, болмыстағы құбылыстар мен өнер туындыларындағы әсемдікті саналы түрде қабылдай білуге үйретеді және өзіндік шығарымпаздық қабілеттерін дамытады.

Музыкамен шұғылдану барысында еңбек тәрбиесі міндеттері жүзеге асырылып отырады. Бір жағынан, тыңдалатын музыкалық шығармаларды қабылдау, есте сақтау қабілеттері дамытылса, екінші жағынан, ән салған кездегі дауыс аппараттарының іс-қимылы немесе музыкалық-ырғақтық қозғалыстар жасау сияқты еңбек процестері жүріп жатады.

Бұндай іс-әрекеттер өз кезегінде оқушылардың ынта-ықыласымен еңбектенуін, тәртіптілігін, іске деген жауапкершілікті қарым-қатынасын талап етеді, әрі тиянақтылықпен еңбек ету іскерліктерін қалыптастырады.

Ән салу, музыкалық шығармаларды түрлі аспаптарда орындау физиологиялық процесс болғандықтан, балалардың дене тәрбиесіне, денсаулығына жағымды ықпал тигізеді.

Осындай іс-әрекетпен жүйелі түрде шұғылдану өкпедегі оттегі алмасуын белсендіріп, дауыс аппаратының, дем алу органдарының шымыр да икемді жетілуіне, жалпы денсаулығының жақсы болуын қамтамасыз етеді.

Ән салу, музыка тыңдау адамның тонусын, яғни жүйке жүйесімен бұлшық еттерінің физиологиялық жағдайдағы күш-қуатын арттырады. Отырып немесе түрегеп ән салу процесінде дене бітімін, басты, қолдарды дұрыс ұстауға дағдыландыру сияқты талаптардың қойлуы балалардың дене қозғалысы мәдениетін қалыптасуына көмектеседі. Музыкалық есту қабілеттерін дамытуға бағытталған жүйелі түрде жүргізілетін жаттығулардың да мәні зор.

Ондай жаттығулар жасау барысында оқушылар тек дыбыстардың биіктігі мен ұзақтығын, тембрін, күшін бір мезгілде немесе бірізділікпен сабақтаса естілетін дыбыстар кешендерін ажырату қабілеттерін иеленеді. Сөйтіп, есту рецепторларының қызметі белсендіріледі.

Басқа да өнер түрлері сияқты музыка – танымдық процестерді белсендіру құралы. Музыкалық шығармаларды тыңдау, ойнап үйрену, орындау барысында оқушылардың өмір тәжірибесі байытылады, болмысты байыптау өрісі кеңейеді, ойлау процестері жеделдетіледі.

Музыкамен қарым-қатынаста болу әуен-саздың өзара байланысын, мәнерін, бірізділіктегі құрылымын (әуенді образды қабылдау), олардың кешенділігін (тембірі мен гармонияның мәнерлігін қабылдау), сонымен қатар шығарманың түрлі фактураларының айырмашылықтарын (гомофония, полифония) танып білуге көмектеседі.

Оқушылардың музыкалық іс-әрекеттерінде дамитын ойлаудың осы сферасы олардың болмысты тануына көмектеседі, дүниетанымын кеңейтеді, ақыл-ой қабілеттерін жетілдіреді.

Қиялдың, фантазияның дамуы – тәлім-тәрбиенің маңызды жақтарының бірі. Осы ретте бала қиялын шарықтатып, арман-мақсатының өресін биіктетуде шығармашылыққа жетелеуде музыканың маңызы зор. Осы тұрғыдан алғанда, музыканың бала тәрбиесінде алатын орны ерекше.

Абай атамыз айтқандай: **"Әннің де естісі бар, есері бар, Тыңдаушының құлағын кесері бар, Ақылдының сөзіндей ойлы күйді, Тыңдағанда көңілдің әсері бар»**" деген. Ендеше өзіңнің тыңдаған әніңе қара, есірген бе? әлде, есті ән бе? Есірген адамдарды қарасаңыз, сол өлеңге де есіріп билеп, бар уақытын клубта өткізіп, онымен қоса күнәға да барып жатады. Үйінде тыңдап билеген есірген өлеңді, сол есіргендей жерге де барғысы келеді.

Ал, мағыналы, естігу лайықты адамдар сөзсіз-ақ әсерлі адамдар болады, өйткені олардың тыңдаған әндері де, әсерлі және бос сөзсіз. Мағыналы өлеңмен қоса олар уақытында тиімді пайдаланып жатыр. Қазақтың тарихын қарасаңыз, талай өзекті мәселерді, тартыс-таластарды бір шумақ мағыналы әнмен ой салған. Талай зиялы қазақтарымыз әсерлі ән қалдырған, талай жүректі жаңғыртқан, осылардан үлгі алайық.

№ Y00017 16.07.2021 жыл.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС БАСҚАРУДЫҢ АЛҚАЛЫЛЫҚ НЫСАНЫ

ШЕКЕРБЕКОВ ДАНИЯР МУХТАРОВИЧ

*Түркістан облысы Кентау қаласы Шаға ауылдық округі
ЖШС «Түркістан-Бәйтерек» балабақшасы музыка жетекшісі*

Педагогикалық кеңестің өткізу мақсаты – мектепке дейінгі мекеме ұжым мүшелерінің тиімді қызметтестігіне жағдай жасап, бір әдістемелік мәселе бойынша, ұжымдық басқару шешім шығару.

Қызметтің мазмұны: мұғалімдердің шығармашылық есебін, нақты әдістемелік мәселе бойынша теориялық баяндамаларды тыңдау, орындаған жұмыстар бойынша қорытынды, мәселе бойынша басқару шешім шығару.

Әдіс-тәсіл ретінде көрсету, әңгімелеу, ұсыныстар дайындау т.б. болып саналады.

Қызметтің басты мақсаты – педагогтың біліктілігін үзбей жетілдіру, ғылымның бір саласындағы құзырлығы мен эрудициясына әрдайым көмек жасау.

Әдістемелік бірлестігі.

«Баланың оқу-танымдылық қызметіне жағымды мотивацияны қалыптастыру» тікелей өз тақырыптарымен байланысты тақырыбына сүйене отырып жұмысын жүргізеді.ӘБ міндеті мен тақырыбын дұрыс таңдау – жұмысты ұйымдастыру үшін мазмұны мен формасын да таңдатады.

Педагогикалық мектебі.

Оның мақсаты – тиімді тәжірибие алмасу, кәсіби ортада педагогикалық қызметтің элементтерін талқылау.

Әдістемелік бірлестіктің жылдық жоспарының құрлымы

Әдістемелік жұмысының мазмұнына кіретіндер:

- жаңашыл және шығармашы педагогтардың тәжірибиесінің негізінде оқыту мен тәрбиелеудің жаңа тәсілдерімен таныстыру;
- білім беретін басқару органдарының нормативтік құжаттарын оқу, ғылыми жаңалықтарымен ,оқу және оқу-әдістемелік жұмыстарының саласында жаңашыл ұсыныстарымен таныстыру;
- мектептегі, қаладағы, аудандағы әріптестердің озат тәжірибиесімен танысу.

Ұстаздық.

Мақсат деп тәжірибиелі педагогтар өз тәжірибиесімен жас мамандармен бөліскенін айтамыз. Ұстаз бен шәкірттің бірлескен жұмысы ретінде бағдарлама және оқу материалы бойынша жұмыс, жаңа оқыту әдістер ізденісі, алғашқы нәтижелердің талдауы. Бұл мазмұнның жаңа элементтерін көрсету, ашық сабақтарды өткізу, оны талдау, өзара сабақтарға қатысу.

Педагогтың өздік жұмысы

Мақсаты – біліктілікті жоғарлату, оқу курсындағы жетіспеушіліктер мен ақауларды жою, оны жетілдіру.

Қызметтің мазмұны: оқу жоспарымен, бағдарламамен жұмыс, оқу курсының өзінің жеке нұсқасының мазмұны, оқулықтың үзінділері, жаңа мазмұнды нұсқаны енгізуде өзіндік эксперименттер.

Әдістер ретінде әдебиеттер оқу, жаңа мазмұнды тексеру бойынша тәжірибе жұмысын өткізу, әріптестерімен эксперименттерге қатысу.

Ашық сабақ

Мақсаты – үздік педагогтардың жиналған тәжірибиесі мен педагогикалық шеберлігін көрсету.

Қызметтің мазмұны: жаңа мазмұн элементтерін алдын ала көрсету, курстың қиын бөліктерін көрсету. Жиі ашық сабақ бір шараның бөлігі болып келеді: пән айлығының, тәжірибе бөлісу семинарының немесе педагогикалық шеберлік мектебінің. Әдіс-тәсіл ретінде көрсету, әңгімелеу, көрме т.б. болып саналады.

Анықталған мақсатты бағынған, басқа формалар мен тәсілдерімен жоспарланған сабақ тиімді болып келеді.

Білім ұйымдарындағы жас педагогтардың кәсіби шеберлігін жоғарлату бойынша кең таралған жұмыстарға жас маман мектебі, алғашқы сатыдағы мұғалім мектебі, ұстаздық жатады⁷

№ Y00009 10.07.2021 жыл.

«РАЙХАН ГҮЛІ» (ертегі)»

ОРАЛТАЕВА ДИНАРА ТАНИБЕРГЕНОВНА

Ақтөбе қаласы № 50 «Алтын бесік» балабақшасы тәрбиеші

Білім беру саласы: «Қатынас», «Шығармашылық», «Әлеуметтік орта»

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Көркем әдебиет, Сурет, Музыка,

Жаратылыстану

Мақсаты: Ертегі мазмұнын эмоционалды қабылдай білу. Сұрақтарға жауап бере отырып, мазмұнын айтып беру.

Көрнекіліктер: гүлдер туралы слайд, фланеграф райхан гүлі ертегісі туралы Балалар көңіл күйлерің қалай?

-Тамаша. Олай болса, қонақтармен амандасып алайық., бүгінгі күніміз сәтті, көңілді өту үшін жылулық шеңберін құрайық.

Шаттық шеңбері

Біз қандаймыз, қандаймыз,

Шұғылалы таңдаймыз

Күлімдеген күндейміз

Ренжуді білмейміз

Біздер жақсы баламыз

Өсті ақыл санамыз

Қонақтармен ең алғаш

Амандасып аламыз

Сәлеметсіздер ме, апайлар!

Балалар енді жаймен орнымызға отырайық. Олай болса мен сендерге жұмбақ жасырайын. **Жұмбақ жасыру**

Аналарға сыйлайтын, Аралар бал жинайтын. Бұл не балалар, Үзуге адам қимайтын. (гүл),

Бүгінгі оқу қызметіміздің тақырыбы: Райхан гүлі деп аталады.

Гүл дегеніміз-өсімдік, олар өмір сәні, табиғат көркі. Гүлдердің тамыры, сабағы, жапырағы күлтесі болады. Гүлдер дала гүлдері, бақша гүлдері, бөлме гүлдері болып бөлінеді. Дала гүлдеріне өздеріміз білетін бәйшешек,

қызғалдақ раушан, түймедақ, райхан гүлдері т.б гүлдер жатады. Дала гүлдері күтімді көп қажет етпейді. Ал, бөлме гүлдері күтімді қажет етеді. Оны

күнделікті су құйып, топырағын қопсытып, шаңын сүртіп тұрмаса гүл өліп қалуы мүмкін. Гүлдерді жайдан жай өсірмейді. Гүлдер терезелердің алдына

сән бергенімен қоймай, бөлме ауасын тазартады, адамдарға жақсы көңіл-күй сыйлайды. Гүлдердің де жаны бар, адамдармен сөйлескендей, олармен де

сөйлесіп, өз ілтипатыңды білдіріп, баптап, күтіп, сүйіспеншілікпен

қарап, еркелетіп тұру қажет. Гүлдердің түрлері өте көп. Балалар мынау райхан гүлі. Емдік өсімдіктердің бірі. Бұл гүлден емдік дәрі дайындайды.

Билингвальды компонент: гүлдер, райхан гүлі-цветок

Ғажайып сәт: Осы кезде есік қағылады. Сәлеметсіздер ме, балалар!

Мен Гүл ханшайымы боламын. Сіздер мен туралы айтып жатыр екенсіңдер. Мен сендерге қонаққа келдім.

Гүл ханшайымы төрлетіңіз.

---Гүл ханшайымы: мен де құр келгенім жоқ өзіммен бірге райхан гүлінің суретін ала келдім. Райхан гүлінің күлтелерін бояп маған көмектесіңдерші.

Енді Гүл ханшайымына біз әдемілеп, райхан гүлінің күлтелерін бояп берейік. Триз әдісі арқылы саусағымызбен дайын бояуды райхан гүлінің күлтелеріне жағып бояймыз.

Бүгін біз райхан гүлі туралы ертегімен танысамыз. Барлығымыз мұқият тыңдаймыз.

Баяғы өткен заманда райхан гүлі өмір сүріпті. Райхан гүлінің басқа достары болмапты. Бір күні күн бұлттанып, жаңбыр жауа бастайды. Райхан гүлі жаңбырдан қаша алмайды. Жаңбыр жауып, басылған соң, күн қайта ашылады. Кейін райхан гүлінің көңілі көтеріліп, қуанады. Бір кезде оның басындағы тұқымы жерге себіледі. Райхан гүлі оны байқамайды. Райхан гүлі тағы да менің достарым жоқ, деп мұңайып жылай бастайды. Қарап тұрған күннің көзі жабылып, тағы да жаңбыр жауады. Жаңбырдан соң, райхан гүлі жан-жағына қараса кішкентай-кішкентай гүлдердің шыға бастағанын көреді. Райхан гүлі: «Енді менің достарым көбейді, алақай!» - деп қуанды. Содан бері райхан гүлдері жерге шыға бастапты.

–Ертегі қандай гүл туралы -райхан гүлі

Райхан гүлінің достары болған ба?

-Жоқ

Балалар, райхан гүлінің тұқымы жерге түскеннен соң достары көбейді ме?

-Иә

Сергіту сәті

Біздің райхан гүлдер,

Жапырақтарын жаяды.

Сәл үф етіп жел соқса,

Діріл қағып тоңады.

Біздің райхан гүлдер,

Жапырақтарын жабады.

Басын сәл шайқап,

Тыныш ұйықтап қалады.

Гүл ханшайымы: Маған гүл туралы тақпақ айтып беріңдерші.

Гүлдер, гүлдер көп гүлдер,

Қызыл гүлдер, көк гүлдер.

Өсе берші нұрланып,
Өсе берші ырғалып.

–Гүл ханшайымы балалар ,енді мен сендермен ойын ойнағым келіп тұр.
Гүлдер мен көбелектер. Барлығымыз орнымыздан тұрамыз бәріміздің қолымызда әртүрлі көбелектер бар. Музыкамен балалар гүлдерге ұқсап, қозғаламыз,гүлдерге ұқсап қуанамыз.Музыка тоқтағанда мына жердегі гүлдің түсіне байланысты қолымыздағы көбелектерді гүлге қондырамыз.

–Гүл ханшайымы балалар менің кететін уақытым болды. Маған райхан гүлінің суретін бояп, бердіңдер.Мен райхан гүліне апарып, достарының көп екендігін айтайын. Сендерге көп-көп рахмет.

–Сау болыңдар ,балалар.

-Балалар бүгін біз қандай ертегімен таныстық?

-Бізге қонаққа кім келді?

-Қандай ойын ойнадыңдар?

-Жарайсыңдар!

Бүгін барлығың да оқу қызметіне өте жақсы қатыстыңдар сендерге сыйлық беремін.

Күтілетін нәтиже:

Біледі:гүлдерді,гүлдердің қайда өсетінін,гүлдер туралы тақпақты біледі;

Игереді: ойын шартын ,райхан гүлін бояуды игерді;

Меңгереді: райхан гүлі туралы ертегіні меңгерді;

Балабақша – барлық тәрбие мен білімнің ең алғашқы баспалдағы

Қазіргі таңда үздіксіз білім беру еліміздің ертеңі өсіп келе жатқан жас ұрпақтың білімінің тереңдігімен өлшенеді. Білімді, жан-жақты қабілетті ұрпақ – ұлтымыздың баға жетпес қазынасы.



Қоғамымызда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен еліміздің білім беру саласының әлемдік білім кеңістігіне өтуі білім беру саласында, соның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға уақыт талабына сай өзгерістерді енгізуді талап етіп отыр.

Білім беру балабақша табалдырығынан басталады десек ешқашан қателеспейміз. Барлық білімнің бастауы – балабақшада.

Мектепке дейінгі мекемелерде тәрбие мен білім саласында заманауи педагогикалық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде де педагогикалық технологиялар ұғымы кеңінен қолданылатын ұғымның біріне айналды.

Ендеше мектепке дейінгі білім беру саласының басты міндеттерінің бірі – өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбие беру үрдісіне заманауи әдістерін енгізу. Әрине бұл үшін мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуына педагогтардың заманауи инновациялық технологияларды қолдана білу сауаттылығына да байланысты.

Тәрбие мен білім – егіз. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр.

Егемен еліміздің талабына сай мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру, қазіргі заманға сай білімді де тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу – білімді, жан-жақты тәрбиешілердің еншісінде. Заман өзгерген сайын әдіс-тәсілдер көбейіп, жаңарып, толығып жатыр. Балалардың тілін дамытуды, қызықты үйрету үшін жаңа әдістер мен технологияларды өз тәжірибемізде қолдануға ізденеміз.

Жаңа технологияны, әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану үздіксіз тәрбие беру мен білім сапасын арттырады.

Жаңа заман баласы – ертеңгі еліміздің болашағы. Жаңа заман баласын қалыптастырып, дамыту үшін тұлғаның ішкі дүниесі мен оның қыр-сырын анықтап, мүмкіншіліктері мен қабілетінің дамуына жағдай жасау қажет.

Біздің балабақшамызда балаларға үздіксіз білім беруде барлық жағдай қарастырылған. Балабақшада балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуына педагогтардың педагогикалық технологияларды қолдана білу сауаттылығы өте жоғары.

Осы уақытқа дейін тәрбиеші ретінде балаларға үздіксіз тәрбие мен білім беруде жаңартылған педагогикалық технологияларды кеңінен қолдануға тырысамын. Себебі қазіргі заман балаларының берілген ақпаратты тез қабылдауынан, есте сақтау қабілеттері жоғары дамығандығын байқауға болады.

Мектепке дейінгі мекеме балаларына үздіксіз тәрбие мен білім беру келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына тікелей әсер ететін балабақша мен тәрбиешілері. Осыған орай мектепке дейінгі мекемелердің тәжірибесіне оқыту мен тәрбиелеудің әртүрлі технологиялары енгізілуде.

Мәселен, ынтымақтастық педагогикасы, білім беруді ізгілендіру, ойын арқылы оқыту, түсіндіре басқарып оза оқыту, өздігінен оқыту, сын тұрғысынан ойлауды дамыту, оқытудың компьютерлік технологиясы, психологиялық, педагогикалық әдістемелік білімді, педагогикалық шеберлікті, балалардың жан-дүниесіне терең үңіліп оны ұғына білуді талап етеді.

Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде тәрбиешілердің ұстанымы ауысқан: ол балаларға басшы емес, білім беру қызметінің тең қатысушысы. Мұндай оқыту баланың интеллектуалды қабілеттілігін айтарлықтай шамада анықтайды, балаларға мінезін қалыптастыруға, байланыс тілді, логикалық ойлауды, дүниетанымды дамытуға, сыни ойлауды қалыптастыруға және жеке мүмкіндіктерді беретін дамытушы орта құруға мүмкіндік береді.

Мектепке дейінгі шақ адам өміріндегі ең маңызды кезең болып келеді. Өйткені осы кезде баланың бойындағы табиғи бар дарындылық жан-жақты дами бастайды. Сондықтан осы шақта балалармен анағұрлым жан-жақты дамытушылық әрекеттер жүйелі жүргізілсе, жұмыс соншалықты нәтижелі болады. Тәрбиелі, білімді ұрпақ балабақшадан мектепке дайын шәкірт болып шығады.

Балабақша – барлық тәрбие мен білімнің ең алғашқы баспалдағы іспеттес. Мұндағы тәрбие мен білім балалардың табиғи мінезін, қабілетін ерте жастан дамытады. Бала – болашағымыз, бала – қуанышымыз.

Ендеше мектепке дейінгі үздіксіз тәрбиемен, біліммен қамту өзімнің басты мақсаттарымның бірі екенін қуана айта аламын.

МАЗМҰНЫ

- САНАЕВА АСЕЛЬ МЕЛИСОВНА
- КОЛДАСБАЕВА САУЛЕ САЛЫКБАЕВНА
- ТУЛЕБАЕВА БИБИГУЛ НУРМУХАМБЕТОВНА
- АЛИМОВА АЙНАГҰЛ
- НУРСЕИТОВА ГАЛИНА ДЖУСИПБЕКОВНА
- АХМЕТОВ БАТЫРБЕК ПОЛАТБЕКОВИЧ
- ШЕКЕРБЕКОВ ДАНИЯР МУХТАРОВИЧ
- ОРАЛТАЕВА ДИНАРА ТАНИБЕРГЕНОВНА